

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІНІҢ МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ПІКІРТЕРІМ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген кезең: 2025 жылғы 7-13 тамыз

Респондент саны: 13

(AERC, Alatau City Bank Analytics, BCC Invest, Halyk Finance, ING, NAC, AKPA, Еуразиялық Даму Банкі, Еуразиялық тұрақтылық және даму қоры, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Эксперт РА)

Пікіртерім нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2024 (факт)	2025	2026	2027
Вrent маркалы мұнай бағасы бір баррель үшін АҚШ долл., жылына орташа есеппен	80,7	69,5 (68,9)	69,5 (69,0)	69,5 (68,5)
ЖІӨ %, ж/ж	4,8	5,2 (5,1)	4,7 (4,6)	4,4 (4,5)
ТБИ %, желт. өткен жылдың желт.	8,6	11,3 (11,0)	9,5 (9,0)	6,5 (7,0)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына	15,3	16,5 (16,5)	14,3 (14,0)	11,3 (11,8)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	91,9	90,1 (92,0)	90,1 (89,4)	92,6 (92,6)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	74,2	75,1 (75,1)	76,1 (76,6)	77,2 (77,2)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	469,0	522,8 (515,1)	541,5 (538,0)	562,5 (555,8)
Бейтарап базалық мөлшерлеме* жылдық %	9,0 (9,0)			
ЖІӨ-нің ұзақмерзімді өсуі** %, ж/ж	4,5 (4,4)			

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Мұнай бағасы бойынша 2025–2027 жылдарға арналған сценарийлік күтулер біршама жақсарды. Респонденттер бағасының медианалық мәніне сәйкес, бағалар болжамдық кезеңнің барлық аралығында баррель үшін **69,5** АҚШ доллары деңгейінде тұрақтанады.

ЖІӨ. Қазақстан экономикасының өсу қарқынына қатысты болжамдар аздап қайта қаралды. 2025 жылға арналған сарапшылар бағасы – 5,1%-дан **5,2%-ға**, ал 2026 жылға – 4,6%-дан **4,7%-ға** дейін жақсарды. 2027 жылы экономика **4,4%** деңгейінде өседі деп күтіледі.

ТБИ. Қысқамерзімді инфляциялық күтулер жыл басынан бері тұрақты түрде өсіп келеді. 2025 жылға тұтыну бағаларының индексі бойынша болжам 11,0%-дан **11,3%-ға** көтерілді. 2026 жылға жасалған болжам да жоғары бағытта қайта қаралып, 9,0%-дан

* Ақша-кредит саясат ұзақ мерзімді кезеңде инфляцияны және инфляциялық күтулерді мақсатта сондай-ақ ЖІӨ-ді әлеуетті деңгейде сақтауын қолдайтын базалық мөлшерлеме

** 5 жыл ауқынында әлеуетті ЖІӨ өсуінің күтілетін орташа қарқыны

9,5%-ға дейін артты. 2027 жылы инфляциялық қысымның азаюына байланысты болжам 7,0%-дан **6,5%-ға** дейін төмендеді.

БАЗАЛЫҚ МӨРШЕРЛЕМЕ. Респонденттер базалық мөлшерлеме 2025 жылдың соңына дейін **16,5%** деңгейінде сақталады деп күтеді. 2026 жылға медианалық мән 14,0%-дан **14,3%-ға** дейін артты. 2027 жылы инфляциялық қысымның бәсеңдеуіне байланысты мөлшерлеме 11,8%-дан **11,3%-ға** дейін төмендейді деп күтіледі.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. 2025 жылға экспорт көлемі бойынша болжам 92,0-ден **90,1** млрд АҚШ долларына дейін төмендеді. 2026 жылға болжам аздап жоғары қарай қайта қаралып, 89,4-тен **90,1** млрд АҚШ долларына дейін артты. 2027 жылға экспорт көлемі өзгеріссіз – **92,6** млрд АҚШ доллары деңгейінде бағаланып отыр.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. 2025 және 2027 жылдарға импорт көлемі жөніндегі болжамдар тиісінше **75,1** және **77,2** млрд АҚШ доллары деңгейінде сақталды. 2026 жылға күтулер 76,6-дан **76,1** млрд АҚШ долларына қайта қаралды.

USD/KZT БАҒАМЫ. Валюта нарығындағы құбылмалылықтың артуы респонденттердің күтулерін болжамдық кезеңнің барлық аралығында жоғары қарай ығыстырды. 2025 жылға орташа жылдық бағам бойынша медианалық мән 1 АҚШ долларына 515,1 теңгеден **522,8** теңгеге, ал 2026 жылға – 538 теңгеден **541,5** теңгеге дейін артты. 2027 жылға қатысты күтулер 1 АҚШ долларына **562,5** теңгеге дейін көтерілді (бұрын – 555,8 теңге).

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Базалық мөлшерлеменің мәні, яғни ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, ал ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік беретін деңгей – талдаушылардың бағалауы бойынша – **9,0%** (бұрын да – **9,0%**).

ЖІӨ-НІҢ ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Респонденттер 5 жыл шегінде әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын **4,5%** деңгейінде бағалап отыр.

Болжамдар диапазоны мен кейбір макрокөрсеткіштердің әркелкі динамикасы талдаушылар бағасында белгісіздік сақталып отырғанын көрсетеді. Мұнай нарығы мен сыртқы саудаға қатысты респонденттердің бағалауы әлі де ұстамдырақ. Сауалнамаға қатысушылардың айырбас бағамына қатысты күтулері қайта қаралды. ЖІӨ траекториясы әлеуетті деңгейге жетуге тырысады, ал инфляциялық қысым ортамерзімді кезеңде жоғары күйінде сақталады.